Бағдарламаны іске қосар алдында қажетті қосымша функцияларды таңдау керек. Сонымен қатар, машина жұмыс істеп тұрған кезде, «Старт/ Кідіріс» бағдарламасын баспай, орындалатын бағдарламамен үйлесімді қосымша функцияларды таңдай аласыз немесе алып тастай аласыз. Бұл үшін машина сіз таңдағыңыз немесе жойғыңыз келген қосымша функцияның алдындағы кезеңде болуы керек. Егер қосымша функцияны таңдау немесе жою мүмкін болмаса, тиісті функцияның индикаторы 3 мәрте жыпылықтау түрінде ескерту береді.



Машина іске қосылғанға дейін бірінші таңдалған функциямен үйлеспейтін функция таңдалса, соңғы таңдалған функция іске қосылады, ал алдыңғы функция жойылады.

Егер қосымша функция бағдарламамен сәйкес келмесе, оны таңдау мүмкін емес. («Бағдарламаны таңдау және энергия тұтыну кестесін» қараңыз.)

Қосымша бағдарламаларды таңдау батырмалары кір жуғыш машинаның моделіне байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

Жібіту

Тек қатты ластанған киім-кешек үшін қажет. Электр энергиясын, суды, жуу құралдарын және қажетті болмаса уақытты үнемдеу үшін жібіту пайдаланбаңыз. Егер бұл функция таңдалса, судың аз мөлшерімен киім-кешекті қарқынды жуу жүзеге асырылады, ал осы кезеңнің соңында кір жуу циклы суды қосымша құйғаннан кейін жалғасады. Осылайша дақтарды жылдам жою қамтамасыз етіледі.



Перделер мен тюль гардиндері үшін алдын ала жуу құралынсыз жуу ұсынылады.

Жылдам кір жуу

Бұл функцияны таңдаған кезде тиісті бағдарламаның ұзақтығы 50 % - ға қысқарады. Кір жуудың оңтайланған кезеңдерінің, жоғары механикалық белсенділігінің және суды оңтайлы тұтынуының арқасында қысқа уақыт ішінде тиімді кір жууға қол жеткізіледі.



Осы қосымша функцияны таңдаған кезде бағдарлама кестесінде көрсетілген киім-кешектің максималды санының жартысын машинаға жүктеу керек.

Бу

Бұл бағдарлама дақсыз мақта-мата, синтетикалық немесе аралас киім-кешектің шағын көлемін жүктеу кезінде қатпарлар санын және үтіктеу уақытын қысқарту үшін қолданылады.

Қашықтықтан басқару

Бұл қосымша функция батырмасы машина мен зияткерлік құрылғылар арасында байланыс орнату үшін пайдаланылады. Толық ақпарат алу үшін «HomeWhiz функциясы

және қашықтықтан басқару» бөлімін қараңыз.

Жеке бағдарлама

Бұл қосымша функция тек HomeWhiz қосымшаларымен бірге «Мақта» және «Синтетика» бағдарламаларына ғана арналған. Осы қосымша функцияны қосқаннан кейін, бағдарламаға қосымша шаюдың төрт кезеңін қоса аласыз. Сіз машинада кейбір қосымша функциялардың болмауына қарамастан, сіз оларды таңдап, және пайдалана аласыз. Сіз қауіпсіз ауқымда «Мақта» және «Синтетика» бағдарламаларының уақытын арттыра және азайта аласыз.

5.10.1 3 секунд бойы батырмаларды басу және ұстап тұру арқылы таңдалынатын функциялар/бағдарламалар

• Барабанды тазарту 3"

Бағдарламаны таңдау үшін 1 қосымша функция батырмасын 3 секунд бойы басып тұрыңыз.

Барабанды тазалауға және дезинфекциялауға арналған. Бұл бағдарламаны әрбір 1-2 ай сайын қолдану керек. Жуу құралдарының қалдықтарын жұмсарту үшін бағдарламаны орындау алдында бұл қолданылады.

Бағдарламаны машина толығымен бос болған кезде іске қосқан жөн. Жақсы нәтиже алу үшін кір жуғыш машиналарға арналған қақ кепіретін құралды № «2» жуу құралына арналған бөлімшеге салыңыз. Бағдарлама аяқталғаннан кейін, машинаның ішін кептіру үшін жүктеу люгінің есігін ашық қалдырыңыз.



Бұл бағдарлама киім-кешек жууға арналмаған. Оны кір жуғыш машинаны куту үшін ғана пайдалану керек.

Машинада қандай да бір заттар бар болса, бұл бағдарламаны іске қоспаңыз. Бұл жағдайда машина барабанның жүктелгенін анықтайды және бағдарламаны орындауды тоқтатады.

• Есікті бұғаттау 3"

Машина жұмысына араласуын болдырмау үшін балалардан бұғаттау функциясын пайдаланыңыз. Бұл арқылы сіз орындалатын бағдарламаның өзгеруіне жол бермейсіз.



Балалардан бұғаттауды іске қосқаннан кейін температура мен сығу жылдамдығын өзгерту, сондай-ақ қосымша функцияларды таңдау немесе тоқтату мүмкін емес.

Балалардан бұғаттау қосылған кезде, бағдарламаларды таңдау тұтқасын басқа орынға бұрсаңыз, ағымдағы бағдарлама орындалуын жалғастыра береді.

Балалардан бұғаттау режимін қосу:

3 қосымша функция батырмасын 3 секунд бойы басып тұрыңыз. Осы батырманы 3 секунд басып ұстап тұрғанда, дисплейде 3-2-1 санағы көрсетіледі, дисплейде балалардан бұғаттау қосылғанын білдіретін таңба пайда болады.

Балалардан бұғаттау режимін өшіру үшін:

Бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезде 3 қосымша функция батырмасын 3 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз. Осы батырманы 3 секунд бойы басып ұстап тұрғанда дисплейде 3-2-1 санағы көрсетіледі. Содан кейін балалардан бұғаттау өшірілгенін білдіретін таңба жоғалады.

• Жеңіл үтіктеу

Бұл функцияны таңдау 3 секунд бойы сығу жылдамдығын таңдау батырмасын басып ұстап тұрғаннан кейін және бағдарламаның тиісті кезеңін орындау барысы индикаторы жанғаннан кейін жүзеге асады. Бұл функцияны таңдағаннан кейін барабан бағдарлама аяқталғаннан киім-кешектің қыртыстануын болдырмау үшін 8 сағатқа дейін айналады. Бағдарламаны тоқтатуға болады және осы 8-сағаттық кезең ішінде кез келген уақытта киім-кешекті шығарып алуға болады. Функцияны болдырмау үшін, функцияны таңдау батырмасын басыңыз. Таңба функция өшірілгенге дейін жанып тұрады. Егер функцияны өшірмесе, ол сондай-ақ осы функцияны таңдау мүмкіндігі бар басқа бағдарламаларда іске қосылады.

Үй жануарларының жүнін жою



Осы функцияны таңдау үшін 2 қосымша функция батырмасын басып, оны 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз.

Бұл функция киімнен жануарлардың жүнін неғұрлым тиімді жою үшін арналған.

Бұл функцияны таңдаған кезде стандартты бағдарламаға алдын ала жуу циклы мен қосымша шаю циклы қосылады. Сонымен қатар, кір жуу көп мөлшердегі сумен жүргізіледі және жануарлардың жүнінен киімді тиімді тазалауға мүмкіндік береді.

• Bluetooth 3"

Машинаны сіздің зияткерлік құрылғыңызға қосу үшін Bluetooth-байланысын пайдалана аласыз. Осылайша, сіздің машинаңыз туралы ақпарат алу үшін және оны басқару үшін зияткерлік құрылғыны пайдалануға болады.

Bluetooth-байланысты ажырату үшін

Қашықтықтан басқару функциясы батырмасын 3 секунд бойы басып тұрыңыз. 3-2-1 санағы пайда болады, содан кейін дисплейде таңба пайда болады қашықтықтан басқару функциясы батырмасын босатыңыз. Bluetooth таңбасы зияткерлік құрылғысы бар машина қосылған кезде жыпылықтайды. Байланыс орнатылғаннан кейін таңба тұрақты жанып тұрады.

Bluetooth-байланысты ажырату үшін

Қашықтықтан басқару функциясы батырмасын 3 секунд бойы басып тұрыңыз. 3-2-1 санағы пайда болады, содан кейін дисплейде таңба жойылады.



Bluetooth-байланысын қосу үшін HomeWhiz бағдарламасының бірінші баптамасын орындау қажет. Баптағаннан кейін, тұтқаны бағдарламаны жүктеу / қашықтықтан басқару күйіне аударыңыз және Bluetooth-байланысын қосу үшін қашықтықтан басқару функциясы батырмасын басыңыз.

5.11 Кейінге қалдырылған старт

«Кейінге қалдырылған старт» функциясының көмегімен бағдарлама орындалуының бысын 3-тен 24 сағатқа дейінгі мерзімге кейінге қалдыруға болады.



Кейінге қалдырылған старт орнату кезінде сұйық жуу құралдарын пайдаланбаңыз! Киімде дақтар пайда болуы мүмкін.

1. Жүктеу есігін ашыңыз, киім-кешекті жүктеңіз және жуу құралын таратқышқа және т.б. қосыңыз.

2. Кір жуу бағдарламасын, температураны, сығу жылдамдығын таңдап, қажет болса, қосымша функцияларды таңдаңыз.

3. «Кейінге қалдырылған старт» батырмасы арқылы қажетті уақытты орнатыңыз.

4. «Старт/Кідіріс» батырмасын басыңыз.

Дисплейде стартқа дейінгі уақыт көрсетіледі.

Осыдан кейін стартқа дейінгі уақытты кері есептеу басталады.



Кейінге қалдырылған старт уақытын есептеу кезінде, машинаға киім-кешекті қосуға болады.

Mashinadan foydalanish

5.Кейінге қалдырылған старт уақыты өткеннен кейін, дисплейде таңдалған бағдарламаның орындалу уақыты көрсетіледі. Кейінге қалдырылған старт белгісі жоғалады, және бағдарламаны орындау басталады.

Кейінге қалдырылған старт аралығын өзгерту

Кері санау кезінде старт уақытын өзгерту.

1. «Кейінге қалдырылған старт» батырмасын басыңыз. Батырманы әр басқан сайын аралық 1 сағатқа ұлғайтылады.

2.Старт уақытын қысқарту үшін, дисплейде бағдарламаның қажетті басталу уақыты көрсетілмегенше, кейінге қалдырылған старт батырмасын басып отырыңыз.

Кейінге қалдырылған старт функциясын жою

Кейінге қалдырылған старт уақытын жою үшін және бағдарламаны дереу іске қосу үшін, келесі әрекеттерді орындаңыз.

1.Бағдарламаларды таңдау тұтқасын кез келген күйге бұраңыз.

2.Содан кейін қажетті бағдарламаны қайта таңдау керек.

3.Бағдарламаны іске қосу үшін «Старт/Кідіріс» батырмасын басыңыз.

5.14 Бағдарламаны іске қосу

1.Бағдарламаны іске қосу үшін «Старт/Кідіріс» батырмасын басыңыз.

2.Іске қосылғанға дейін өшіріліп тұрған «Старт» таңбасы бағдарлама іске қосылғанын көрсетіп, т р а т ы ж а н ы п т р а б а с т а й д ы.



3. Есік бұғатталған кезде, дисплейде есік бұғатталуы белгісі жанып тұрады.



4.Бағдарламаның орындалу жолының таңбалары дисплейде бағдарламаның ағымдағы кезеңін көрсетеді.

5.15 Жүктеу люгі есігінің

Кір жуғыш машинаның жүктеу люгінің есігі судың жоғары деңгейінде есіктің ашылуы мүмкіндігін і болдырмайтын бұғаттау жүйесімен жабдықталған. Есік бұғатталған кезде, дисплейде есік бұғатталу таңбасы жанып тұрады.



Қашықтықтан басқару функциясын таңдағанда, есік бұғатталады. Есікті ашу үшін қашықтықтан қашықтан басқару батырмасын басу арқылы басқару функциясын өшіру керек немесе бағдарламаның орнын өзгерту керек.

Машинаны пайдалану

Қуаттандыру өшкен жағдайда жүктеу люгінің есігін ашу




Электр с нген жа дайда ж ктеу люгінің есігін сор ы с згісі а па ыны астында орналас ан апатты тросты к мегімен олмен ашу а болады.




ЕСКЕРТУ

Жүктеу люгі есігін ашар алдында судың құйылуын болдырмау үшін машинаның ішінде судың жоқтығына



- Сорғы сүзгісінің қақпағын ашыңыз.

- Қону орнынан жүктеу люгі есігінің апаттық тростын алып шығыңыз. люка.



- Жүктеу люгі есігінің апаттық тростын төмен тартыңыз және есікті ашыңыз. Жүктеу люгінің есігін ашып, жүктеу люгі есігінің апаттық тростын орнына орнатыңыз.
- Егер жүктеу люгінің есігі ашылмаса, апаттық тростты тартып, әрекетті қайталаңыз.

5.1 Бағдарламаны іске қосқаннан кейінгі баптауларды өзгерту

Бағдарлама басталғаннан кейін киім-кешекті қосу



Егер «Старт/Кідіріс» батырмасын басқан кезде машинада судың рұқсат етілген деңгейіне жетпесе, жүктеу люгінің есігі бұғаттан шығады, киім-кешекті қосуға мүмкіндік береді. Жүктеу люгі есігін бұғаттан шығарғаннан кейін дисплейдегі бұғаттау таңбасы өшеді. Киім-кешек қосылғаннан кейін есікті жабыңыз да, кір жуу циклын жалғастыру үшін «Старт/Кідіріс» батырмасын басыңыз.



Егер «Старт/Кідіріс» батырмасын басқан кезде машинадағы су деңгейі қолайлы болмаса, жүктеу люгінің есігі бұғаттан шығарылмайды, ал дисплейдегі бұғаттау таңбасы өшірілмейді.



Қашықтықтан басқару функциясын таңдағанда, есік бұғатталады. Есікті ашу үшін қашықтықтан басқару функциясын қашықтықтан басқару батырмасын басып немесе бағдарламаның орнын өзгерту арқылы өшіру керек.

Машинаны тоқтату режиміне ауыстыру
Машинаны тоқтату режиміне ауыстыру үшін «Старт/Кідіріс» батырмасын басыңыз. Бұл ретте дисплейде «Старт» таңбасы жыпылықтайды.



Бағдарламаның жұмысы басталғаннан кейін оны өзгерту Балалардан бұғаттау қосылмаған болса, ағымдағы бағдарламаны орындалу барысында өзгертуге болады. Бұл әрекет ағымдағы бағдарламаны жояды.



Таңдалған бағдарлама басынан іске қосылды.

Сығу жылдамдығы және температура қосымша функцияларын таңдауды өзгерту

Бағдарламаны орындау сатысына байланысты қосымша функцияларды таңдауға немесе жоюға болады. «Қосымша функцияларды таңдау» бөлімін қараңыз. Сонымен қатар, сығу жылдамдығы мен кір жуу температурасының параметрлерін өзгертуге болады. «Сығу жылдамдығын таңдау» және «Температураны таңдау» тарауларын қараңыз.

5.17 Бағдарламаның күшін жою

Бағдарламаны болдырмау үшін, бағдарламаны таңдау тұтқасын басқа бағдарламаға сәйкес күйге бұрыңыз, немесе машинаны өшіріңіз және бағдарламаны таңдау тұтқасы көмегімен қайтадан қосыңыз.



Егер балалардан бұғаттау қосұлы болғанда, электр қуаттандуруды беру тоқтаса, одан өрі іске қосылғанда, бағдарлама жойылмайды, алдымен балалардан бұғаттауды тоқтату керек.

Егер сіз жүктеу люгінің есігін бағдарламаны тоқтатқаннан кейін ашқыңыз келсе, бірақ бұл мүмкін емес, өйткені машинадағы су деңгейі жүктеу люгінің төменгі жиегінен жоғары, бағдарлама таңдау тұтқасын «Ағызу + сығу» бағдарламасына бұрыңыз және машинадан сды ағызып алыңыз.

5.18 Бағдарламаның аяқталуы

Бағдарлама аяқталған соң, дисплейде бағдарламаның аяқталу таңбасы көрсетіледі. Егер батырмалар 10 минут бойы басылмаса, машина өшірілген режимге ауысады. Дисплей және барлық индикаторлар өшіріледі. Егер «Старт/Кідіріс» батырмасына басса, бағдарламаның орындалған кезеңдерінің индикаторлары көрсетіледі.

5.19. HomeWhiz функциясы және қашықтықтан басқару

HomeWhiz кір жуғыш машинаны тексеру және оның жағдайы туралы ақпарат алу үшін зияткерлік құрылғыны пайдалануға мүмкіндік береді. HomeWhiz қосымшасының көмегімен түрлі процедураларды орындау үшін, сондай-ақ машинада орындауға болатын зияткерлік құрылғыны пайдалануға болады. Сонымен қатар, кейбір мүмкіндіктер тек HomeWhiz пайдалану кезінде ғана қол жетімді. Сіздің машинаңыз Bluetooth функциясын пайдалану үшін зияткерлік құрылғының қосымшалары дүкенінен, сізге HomeWhiz қосымшасын жүктеп алу керек. Қосымшаны орнату үшін, сіздің зияткерлік құрылғыңыз Интернетке қосылғанын тексеріңіз.

Егер қосымшаны алғаш рет пайдаланып отырсаңыз, пайдаланушының есептік жазбасын тіркеу үшін экранда берілген нұсқауларды сақтаңыз. Тіркеу процедурасы аяқталғаннан кейін HomeWhiz функциясы бар барлық бұйымдарды басқару үшін осы есептік жазбаны пайдалану аласыз.

Есептік жазбаңызбен байланысқан құрылғыларды көру үшін HomeWhiz қосымшасындағы «Құрылғыны қосу/жою» батырмасын түртіңіз. Сіз осы беттегі бұйымдармен жұптастыру процедураларын орындай аласыз. Қосымша орнатылғаннан кейін HomeWhiz функциясы кір жуғыш машинада сіздің зияткерлік құрылғыңыз арқылы хабарлайтын ескертулерді жіберуге мүмкіндік береді.



HomeWhiz функциясын пайдалану үшін сіздің зияткерлік құрылғыңызда қосымша орнатылуы тиіс, ал кір жуғыш машина Bluetooth арқылы зияткерлік құрылғыға қосылуы тиіс. Егер кір жуғыш машина зияткерлік құрылғыға қосылмаған болса, ол HomeWhiz функциясы жоқ құрылғы ретінде жұмыс істейді.


5.20 HomeWhiz баптаулары

Қосымшаны іске қосу үшін машинаңыз бен HomeWhiz қосымшасы арасында байланыс орнату қажет.


- Машинаны бірінші рет қосқан кезде HomeWhiz қосымшасында «Құрылғыны қосу/жою» батырмасын түрттіңіз.
- Баптауды бастамас бұрын, машинаның өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Машинаны HomeWhiz баптау режиміне ауыстыру үшін, бірде температура батырмасын және қашықтықтан басқару функциясы батырмасын басып 3 секунд бойы басып тұрыңыз.





Машина HomeWhiz баптау режимінде болғанда, дисплейде анимация көрсетіледі, ал Bluetooth таңбасы машинаның зияткерлік құрылғымен байланысы орындалғанша жыпылықтайды. Бұл режимде тек бағдарламаларды таңдау тұтқасы ғана жұмыс істейді. Басқа батырмалар қол жетімсіз.



- Қосымша экранында кір жуғыш машинаны таңдаңыз және «Ары қарай» батырмасын басыңыз.
- HomeWhiz сіздің зияткерлік құрылғыңызға қосылғыңыз келетін құралды сұрамағанша экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- Кір жуғыш машинаны құрылғымен сәтті жалғаған кезде, дисплей автоматты түрде қалыпты режимге ауысады, Bluetooth таңбасы қосұлы болып қалады және орнатуды сәтті аяқтау әуендері ойнатылады.
- HomeWhiz бағдарламасына оралыңыз да, баптауды аяқтауды күтіңіз. Баптау аяқталғаннан кейін кір жуғыш машинаның атын енгізіңіз. Содан кейін HomeWhiz бағдарламасына қосылған құралды көру үшін түрттіңіз.

 Егер 5 минут ішінде баптауды аяқтамасаңыз, кір жуғыш машинаңыз автоматты түрде өшіріледі. Бұл жағдайда баптау рәсімін қайта бастау керек болады. Кір жуғыш машинаны бірнеше зияткерлік құрылғылармен пайдалануға болады. Ол үшін HomeWhiz қосымшасын басқа зияткерлік құрылғыларға да жүктеніз. Қосымша іске қосылған кезде алдын ала жасалған және кір жуғыш машинамен қосылған есептік жазбаға кіру қажет болады. Әйтпесе «Басқа есептік жазбаға қосылған кір жуғыш машинаны баптау» бөлімімен танысыңыз.

 **ЕСКЕРТУ.** HomeWhiz баптау үшін зияткерлік құрылғы Интернетке қосылуы керек. Әйтпесе HomeWhiz бағдарламасы сәтті орнату процедурасын аяқтауға мүмкіндік бермейді.

 HomeWhiz қосымшасы бұйым заттаңбасында көрсетілген бұйым нөмірін енгізуді талап етуі мүмкін. Бұйымның заттаңбасы машина есігінің ішкі жағында болады.



5.21 Басқа есептік жазбаға қосылған, кір жуғыш машинаның баптауы

Егер сіз пайдаланғыңыз келетін кір жуғыш машина, бұрын басқа есептік жазбамен байланысқан болса, сізге HomeWhiz және машина арасында жаңа байланыс орнату керек.

- Қрданғыңыз келетін жаңа зияткерлік құрылғыға HomeWhiz қосымшасын жүктеп алыңыз.
- Жаңа есептік жазба жасап алыңыз және HomeWhiz қосымшасына кіріңіз.
- HomeWhiz («HomeWhiz баптауы» бөлімі) орнату көзәндерін орындаңыз және баптау процедурасына өтіңіз.



ЕСКЕРТУ. Сіздің бұйымда Bluetooth байланысы қосылып тұрғанда, қашықтықтан басқару функциясы таңдау үшін қолжетімді болады.

Егер қашықтықтан басқару мүмкіндігі таңдау үшін қол жетімсіз болса, байланыс күйін тексеріңіз. Егер байланыс орнатылмайтын болса, машинадағы бастапқы баптауларды қайталаңыз.

Кір жуғыш машинаны қашықтықтан басқару үшін кір жуғыш машинаның басқару панеліндегі бағдарламаларды таңдау тұтқасы бағдарламаны жүктеу / қашықтықтан басқару күйіне ауыстырылғанда қашықтықтан басқару батырмасын басып, қашықтықтан басқару функциясын қосу керек. Машинаны бағалау кезінде төменде көрсетілген экран көрсетіледі.



HomeWhiz функциясы мен қашықтықтан басқару функциясы тек Bluetooth технологиясы арқылы жұптасқан кезде ғана жұмыс істейтіндіктен, бір мезгілде тек жалғыз HomeWhiz қосымшасын ғана пайдалануға болады.



ЕСКЕРТУ. Машинамен байланысқан зияткерлік құрылғылар саны бойынша шектеу бар. Осы шектеуден асып кетсе, бірінші жұптасқан құрылғы жұптасқан құрылғылар тізімінен жойылады, ал сіз осы жеке зияткерлік құрылғыдағы баптау рәсімін қайталауыңыз қажет.



Қашықтықтан басқару қосылып тұрғанда, сіз кір жуғыш машинада тек қана басқаруды, өшіруді және күйін бақылауды жүзеге асыра аласыз. Балалардан бұғаттаудан басқа барлық функцияларды басқару қосымша арқылы жүзеге асырылады. Қашықтан басқару функциясы қосылған-қосылмағанын тексеру үшін, батырмадағы функция индикаторы қолданылады.

Егер қашықтықтан басқару функциясы өшірілген болса, барлық операцияларды басқару кір жуғыш машинада жүзеге асырылады, ал қосымшада тек күйі көрсетіледі. Егер қашықтықтан басқару функциясын қосу мүмкін болмаса, батырманы басқан кезде машина ескерту дыбыстық белгісін шығарады. Бұл машина қосылған жағдайда, ал байланысқан зияткерлік құрылғы Bluetooth арқылы анықталмаған болса да орын алуы мүмкін. Мысалы, Bluetooth баптаулары өшірулі немесе машинаның есігі ашық.

Кір жуғыш машинадағы функцияны қосқаннан кейін, ол белгілі бір жағдайлардан басқа, қосылып тұрады және Bluetooth арқылы машинаны қашықтықтан басқаруға мүмкіндік береді. Кейбір жағдайларда ол қауіпсіздік мақсатында өзі өшіріледі:

- машина қуаттандыруы өшірілгенде;
- бағдарламаны таңдау тұтқасы басқа бағдарламаға бұрылып тұрғанда немесе машина өшіріліп тұрса.

5.22 Қашықтықтан басқару функциясы және оны пайдалану

HomeWhiz баптауынан кейін Bluetooth автоматты түрде қосылады. Bluetooth қосулы күйінде машинаны өшіріп қайта іске қоссаңыз, байланыс автоматты түрде қалпына келтіріледі. Жұптасқан құрылғы қол жетімділік шегінен шығып кеткен жағдайда, Bluetooth автоматты түрде өшіріледі. Осы себепті, қашықтықтан басқару функциясын пайдалану үшін қайтадан Bluetooth қосу қажет болады.

Байланыс күйін анықтау үшін, дисплейдегі Bluetooth таңбасын тексеріңіз. Егер таңба тұрақты жанып тұратын болса, Bluetooth байланысы орнатылған болып табылады. Егер таңба жыпылықтап тұрса, байланыс әрекеті жасалу үстінде. Егер таңба жанбайтын болса, байланыс жоқ.


5.23. Ақаулықтарды жою

Басқару немесе қосу кезінде ақаулықтар пайда болса, мәселе қайталанатынын және сіз жасаған әрекеттермен байланысты еместігін тексеріңіз. Егер мәселе жойылмаса, келесі әрекеттерді орындаңыз.

- Зияткерлік құрылғы үйдің тиісті желісіне қосылғанын тексеріңіз.
- Бұйымның қосымшасын қайта қосыңыз.
- Bluetooth құрылғысын ажыратыңыз және басқару панелінде қайта қосыңыз.
- Егер қосылыс жоғарыда көрсетілген процестерді пайдалануда орнатылмаса, кір жуғыш машинадағы бастапқы баптауды қайталаңыз. Мәселе қайта пайда болса, авторланған сервистік орталыққа жүгініңіз.

6.1. Жуу құралдары таратқышын тазалау

Жуу құралдарының таратқышын мезгілімен (әрбір 4-5 жуу циклынан кейін) тазалап отырыңыз, кір жуу ұнтағының қалдықтары жинақталмайтындай етіп тазалаңыз.



- 1 Жуу құралдарының таратқышын және сифонды раковинадағы жылы судың мол мөлшерімен жуып жіберіңіз. Таратқышты тазалағанда қорғаныш қолғаптарын киіңіз немесе жуу құралдарының қалдықтарына жанаспау үшін арнайы қылшақты қолданыңыз.



Егер кондиционерге арналған бөлімшеде қалыпты көлемнен асатын су мен кондиционерлеу құралы жинала бастаса, сифонды тазалаңыз.

- 2 Тазалағаннан кейін сифонды орнына қойыңыз және оның алдыңғы бөлігін стопор тілі бекігендей етіп төмен қарай сырғытыңыз.

6.2. Жүктеу люгінің есігі мен барабанды тазалау

Уақыт өте келе машинада кондиционердің, жуу құралдарының және ластанудың қалдықтары жиналуы мүмкін, бұл жағымсыз иіс шығарып, кір жуу сапасын төмендетеді. Мұндай мәселелерді болдырмау үшін «Барабанды тазалау» бағдарламасын пайдаланыңыз. Егер осы модельде «Барабанды тазалау» бағдарламасы қарастырылмаған болса, «Су қосу» немесе «Қосымша шаю» функциясы бар «Мақта-90» бағдарламасын іске қосыңыз. Бұл бағдарламаны іске қосқан кезде машинаға киім-кешек жүктелмейді. Бағдарламаны іске қосар алдында жуу құралын салыңыз (2 бөлім). Бағдарлама аяқталғаннан кейін тығыздағыш манжетті ішінен таза матамен сүртіңіз.




Барабанды әр 2 ай сайын тазалау керек.



Кір жуғыш машиналарға арналған жуу құралдарын ғана пайдаланыңыз.

Әрбір кір жуудан кейін барабанды бөгде заттардың бар-жоғына тексеріңіз.



Егер суретте көрсетілген тесіктер бұғатталса, оларды тіс тазалағышпен тазалаңыз.



Барабанда бөгде металл заттардың болуы тот дақтарының пайда болуына әкеледі. Барабанның бетін тазалау үшін тот баспайтын болатты тазалауға арналған құралдарды пайдаланыңыз. Ешбір жағдайда металл немесе сым жөкелерін пайдаланбаңыз.

Қызмет көрсету және тазалау




ЕСКЕРТУ. Ешбір жағдайда қатты губкаларды немесе абразивті материалдарды пайдаланбаңыз. Бұл боялған және пластмасса бөлшектерін зақымдауы мүмкін.

6.3. Корпусты және басқару панелін тазалау

Машинаның корпусын сабын ерітіндісімен немесе жұмсақ жуу құралымен жуыңыз және жұмсақ матамен құрғатып сүртіңіз.

Басқару панелін тазалау үшін тек жұмсақ дымқыл матаны пайдаланыңыз.



- 11 Қрандарды жабыңдар.
- 2 Енгізу келте құбырларындағы сүзгілерге қол жеткізу үшін құю шлангыларындағы гайкаларды шешіп алыңыз. Оларды сәйкес келетін қылшақпен тазалап жіберіңіз. Егер сүзгілер қатты ластанған болса, оларды тістеуікпен шығарып, тазалау керек.

- 3 Сүзгілерді құю шлангыларының түзу ұштарынан төсемдермен бірге алып шығыңыз және су ағыны астында мұқият жуып жіберіңіз.
- 4 Төсемдер мен сүзгілерді кері ретпен ұқыптап орнатыңыз, құю шлангасын гайкамен қысып қолмен жалғаңыз.

6.4. Қалдық суды ағызу және сорғы сүзгісін тазарту


Кір жуу машинасы су ағызу кезінде қатты заттардың (түймелер, монеталар, мата талшықтары және т.б.) сорғының қанатшасына түсуін болдырмайтын сүзгілер жүйесімен жабдықталған. Бұл суды кедергісіз ағызуды қамтамасыз етеді және сорғының қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді.

Егер ағызу қалыпты орындалмаса, сорғы сүзгісі бітелген. Сүзгіні ластануына қарай, бірақ кемінде 3 айда бір рет тазалап отыру керек. Сорғы сүзгісін тазартар алдында суды ағызып тастау қажет.

Бұдан басқа, тасымалдау алдында (мысалы, басқа пәтерге көшкен кезде) немесе су қату қаупі бар жағдайда машинадан суды



ЕСКЕРТУ. Бөгде заттардың сорғы сүзгісінде болуы машинаның зақымдануына немесе жұмыс істеуі кезінде қатты шуылдың шығуына әкелуі мүмкін. Сорғы сүзгісін тексеруіңізді және тазалауыңызды өтінеміз!



Қызмет көрсету және тазалау



ЕСКЕРТУ. Егер бұйым ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, қранды жабыңыз, беру шланғысын ажыратып, қатып қалуды болдырмау үшін машинадан суды ағызыңыз.



ЕСКЕРТУ. Әрбір қолданғаннан кейін бұйымға су беру шланғысының қранын жабу керек.


Suvni to'kish va ifloslangan filtrni tozalash uchun quyidagilarni bajaring:

1 Машинаны электр желісінен ажыратыңыз (ашаны розеткадан суырыңыз).




ЕСКЕРТУ Машинадағы су температурасы 90°C-ге дейін жетуі мүмкін. Күйікті болдырмау үшін сүзгіні тазалауды тек машинадағы су суығаннан кейін ғана жүргізу керек.

2 Сүзгінің қақпағын ашыңыз.



3 Кейбір модельдер апаттық су ағызу шланғысымен жабдықталған. Машинадағы суды ағызу үшін, төменде сипатталған әрекеттерді орындаңыз.


Апаттық ағызу шланғысымен жабдықталған модельдердегі суды ағызу:



a Апаттық ағызу шланғысын бөліктен шығарыңыз.


b Шланғының соңына сыйымды сыйымдылық қойыңыз. Шланғының соңындағы тығынды алып тастаңыз және суды ағызыңыз. Ыдыс толған кезде шланғыны тығынмен жабыңыз. Ыдыстан суды төгіңіз және су толығымен машинадан ағызлып біткенше, жоғарыда сипатталған процедураны қайталаңыз.

c Ағызу аяқталғаннан кейін шланғыны тығынмен жабыңыз және оны орнына салыңыз.



d Сорғының сүзгісін бұрыңыз және оны шығарып алыңыз.

Апаттық ағызу шланғысымен жабдықталмаған модельдердегі суды ағызу:



a Сүзгінің алдына суды ағызуға арналған сыйымды ыдыс қойыңыз.

b Су аққанға дейін сорғы сүзгісін сағат тіліне қарсы аздап бұрып отырыңыз. Сүзгі алдында орнатылған ыдысқа суды ағызып алыңыз. Төгілген суды жинап алу үшін өрқашан шүберекті дайын ұстаңыз.

c Су ағып біткенде, сүзгіні толығымен бұрап шығарыңыз және оны машинадан алып шығыңыз.

4 Сүзгінің ішкі бөлігін және сорғы қанатшасының айналасындағы кеңістікті қоқыс пен талшықтардан тазартыңыз.

5 Сүзгіні орнына салыңыз.

Бағдарламаны іске қосу немесе таңдау мүмкін емес.

•Кір жуғыш машина су немесе электр энергиясын берудің бұзылуынан (мысалы, желідегі кернеудің төмендеуі, су қысымы және т.б.) өзін-өзі қорғау режиміне ауыстырылды. >>> Бағдарламаны болдырмау үшін, бағдарламаны таңдау тұтқасын басқа бағдарламаға сәйкес күйге бұрыңыз. Бұрын таңдалған бағдарлама жойылады. («Бағдарламаны жою» бөлімін қараңыз).

Машинада су бар.

•Кір жуғыш машинада дайындаушы-кәсіпорында сапаны бақылау процесінде пайдаланылған біраз су қалуы мүмкін. >>> Бұл ақаулық емес және машина үшін қауіп төндірмейді.

Машина түбінен су ағады.

•Сорғының шлангысы мен сүзгісін тексеріңіз: >>> Құю шлангаларындағы төсемдердің герметикалығын тексеріңіз. Шлангыны су құбыры кранына тығыздап қосыңыз
•Мүмкін сорғы сүзгісі толық жабық емес. >>> Сорғы сүзгісінің толық жабылғанын тексеріңіз.

Машинаға су ақпайды

•Су құбыры краны жабылған. >>> Қрандарды ашыңыз.
•Құю шлангысының майысуы. >>> Шлангыны түзетіңіз
•Су беру келте құбырының сүзгісі бітеліп қалды. >>> Сүзгіні тазалаңыз.
•Жүктеу люгінің есігі сөл ашық. >>> Жүктеу люгінің есігін жабыңыз.

Машинадан су ағызылмайды.

•Ағызу шлангы бітелген немесе бұралып қалған. >>> Шлангыны тазалаңыз немесе түзетіңіз.
•Сорғының сүзгісі қоқыстанған. >>> Сорғы сүзгісін тазалаңыз.

Машина қатты дірілдейді немесе шулайды.

•Машина орнықсыз тұр. >>> Машинаны орнықтыру үшін аяқшаларын реттеңіз.
•Сорғы сүзгісіне бөгде зат түсті. >>> Сорғы сүзгісін тазалаңыз.
•Тасымалдау сақтандырғыш болттары шешілмеген. >>> Тасымалдау сақтандырғыш болттарын жойыңыз.
•Тым аз киім-кешек жүктелген. >>> Машинаға көбірек киім-кешек жүктеңіз.
•Тым көп киім-кешек жүктелген. >>> Машинадан киім-кешектің біраз бөлігін алып тастаңыз немесе оны қолмен біркелкі таратыңыз.
•Машина қисайып тұр, өйткені аяқша астына бөгде зат түскен. >>> Машина тұзу тұрмауының себебін, астында бөгде заттың болмауын тексеріңіз.

Машина бағдарлама іске қосылғаннан кейін көп ұзамай тоқтады.

•Кір жуғыш машина желіде кернеудің төмендеуіне байланысты уақытша тоқтатылуы мүмкін. >>> Қалыпты кернеу қалпына келтірілгеннен кейін ол жұмысты қайта бастайды.

Машинаға құйылатын су бірден ағызылады.

•Ағызу шлангысы тым төмен орнатылған. >>> Пайдалану нұсқаулығында сипатталғандай, ағызу шлангысын қосыңыз.

Жуу кезінде машинадағы су көрінбейді.

•Сырттан кір жуғыш машинада су деңгейі көрінбейді. Бұл ақаулық болып табылмайды.

Жүктеу люгінің есігі ашылмайды.

•Есіктің құлпы бұғатталған, себебі машинада су бар. >>> Суды ағызу үшін «Ағызу» немесе «Сығу» бағдарламасын іске қосыңыз.
•Машина суды қыздырып жатыр немесе сығу циклын орындап жатыр. >>> Бағдарламаны аяқтауды күтіңіз.
•Балалардан бұғаттау қосылған. Есік құлпы бағдарлама аяқталғаннан кейін бірнеше минуттан кейін бұғаттан шығады. >>> Есіктің құлпы бұғаттан шыққанға дейін, бірнеше минут күтіңіз.

Ақаулықтарды жою

Nosozliklarni bartaraf qilish

Yuvish qo'llanmada(*) ko'rsatilgan vaqtdan ancha uzoq davom etmoqda.

- Suv bosimi past. >>> Yuqori sifatli yuvish uchun zarur bo'lgan suvni olish uchun mashina ko'proq vaqtni talab qiladi, shuning uchun dastur vaqti ortadi.
- Elektr tarmog'idagi kuchlanish past. >>> Elektr tarmog'idagi past kuchlanishda sifatsiz yuvilishning oldini olish uchun dasturni bajarish vaqti ko'payadi.
- Kirayotgan suvning harorati past. >>> Sovuq mavsumlarda suvni isitish uchun ko'proq vaqt talab etiladi. Sifatsiz yuvilishning oldini olish uchun ham yuvish vaqti cho'zilib mumkin.
- Chayishlar soni/chayish uchun suv miqdori ortdi. >>>Chayishni yaxshilash uchun mashina suv miqdorini oshiradi va kerak bo'lganda qo'shimcha chayish siklini amalga oshiradi.
- Haddan tashqari ko'p miqdordagi yuvish vositasi tufayli ko'p miqdorda ko'pik hosil bo'lgan va avtomatik ko'pikni boshqarish tizimi faollashgan bo'lishi mumkin. >>> Yuvish vositasining tavsiya etilgan miqdordan foydalaning.

Dastur oxiriga qadar qolgan vaqtni hisoblash amalga oshirilmayapti (displayli modellarda) (*)

• Taymer suv to'plash bosqichida to'xtatishi mumkin. >>> Taymer ko'rsatkichi mashina kerakli miqdordagi suvni to'plaguncha qayta hisoblashini ko'rsatmaydi. Mashina suv yetishmovchiligi tufayli sifatsiz yuvishning oldini olish uchun yetarli miqdorda suv to'planishini kutadi. Shundan keyin taymer hisoblashni davom ettiradi.

• Taymer suv isitish bosqichida to'xtatishi mumkin. >>> Mashinadagi suv kerakli haroratga yetguncha taymer indikator qayta hisoblashni ko'rsatmaydi.

• Taymer siqish bosqichida to'xtatishi mumkin. >>> Ehtimol, avtomatik muvozanatlashni boshqarish tizimi baraban ichidagi kirlarni teng darajada taqsimlamagani tufayli ishga tushgan bo'lishi mumkin.

Dastur oxiriga qadar qolgan vaqtni hisoblash amalga oshirilmayapti(*)

• Baraban ichidagi kirlar teng taqsimlanmagan bo'lishi mumkin. >>> Ehtimol, avtomatik muvozanatlashni boshqarish tizimi baraban ichidagi kirlarni teng darajada taqsimlamagani tufayli ishga tushgan bo'lishi mumkin. Mashina siqish rejimiga o'tmayapti. (*)

• Baraban ichidagi kirlar teng taqsimlanmagan bo'lishi mumkin. >>> Ehtimol, avtomatik muvozanatlashni boshqarish tizimi baraban ichidagi kirlarni teng darajada taqsimlamagani tufayli ishga tushgan bo'lishi mumkin.

• Suv to'liq to'kilmasa kir yuvish mashinasi siqish rejimiga o'tmaydi. >>> Filtrni va suvni to'kish shlangini tekshiring.

• Haddan tashqari ko'p miqdordagi yuvish vositasi tufayli ko'p miqdorda ko'pik hosil bo'lgan va avtomatik ko'pikni boshqarish tizimi faollashgan bo'lishi mumkin. >>> Yuvish vositasining tavsiya etilgan miqdordan foydalaning.

Yuvish sifati yomon: yuvilgan kirlar kul rang. (**)

• Kiyim kam miqdordagi yuvish vositasi bilan uzoq vaqt davomida yuvilgan. >>> Suvning qattiqligi va kirning turiga qarab tavsiya etilgan miqdorda yuvish vositasidan foydalaning.

• Kiyim uzoq vaqt davomida past haroratda yuvilgan. >>> Kir turiga qarab kir yuvish haroratini tanlang.

• Suvning qattiqligi yuqori bo'lganda yuvish vositasining kam miqdorda solinganligi. >>> Qattiq suvda yetarli miqdordagi yuvish vositasi bilan yuvilmasa, kiyimda yog' zarralari qoladi va kirlar oxir-oqibat kul rangga aylanadi. Bunday kul rang tusdan qutulish juda qiyin. Suvning qattiqligi va kirning turiga qarab tavsiya etilgan miqdorda yuvish vositasidan foydalaning.

• Yuvish vositasi juda ko'p solingan. >>> Suvning qattiqligi va kirning turiga qarab tavsiya etilgan miqdorda yuvish vositasidan foydalaning.

Ақаулықтарды жою

Кір жуу сапасы төмен: киім-кешектің кірі ашылмайды, және онда дақтар қалады. (**)

- Жуу құралының мөлшері жеткіліксіз. >>> Киім-кешектің түріне сәйкес ұсынылған мөлшерде жуу құралын пайдаланыңыз.
- Тым көп киім-кешек жүктелген. >>> Машинаны шамадан тыс жүктемеңіз. «Бағдарламаларды сипаттау» кестесіндегі ұсыныстарға сәйкес киім-кешек санын жүктеңіз.
- Бағдарлама мен температура дұрыс таңдалмаған. >>> Киім-кешектің түріне сәйкес жуу бағдарламасы мен температурасын таңдаңыз.
- Жарамайтын жуу құралы. >>> Кір жуғыш машиналарға арналған жоғары сапалы жуу құралдарын пайдаланыңыз.
- Жуу құралы таратқыштың тиісті бөлімшесіне жүктелмеген. >>> Жуу құралын таратқыштың тиісті бөлімшесіне салыңыз. Кір жуу ұнтағы мен ағартқышты араластырмаңыз.
- Кір жуу сапасы төмен: Киім-кешекте майлы дақтар қалады. (**)
- Барабан ұзақ уақыт тазартылмаған. >>> Барабанды мезгілімен тазартып отырыңыз. Тазарту бойынша нұсқаулықты 6.2. қара.
- Кір жуу сапасы төмен: киім-кешектің жағымсыз иісі бар. (**)
- Үнемі төмен температурада жуу нәтижесінде және/немесе қысқа бағдарламаларды қолданғанда барабанда жағымсыз иіс шығаратын бактериялар қабаты жиналады. >>>
- Кір жуып болғаннан кейін жуу құралдары таратқышын және жүктеу люгінің есігін ашық қалдырыңыз. Осылайша, машина ішінде бактериялардың өсуі үшін қолайлы ылғалды орта пайда бола алмайды. Түрлі-түсті киім-кешек өңіп кетеді. (**)
- Тым көп киім-кешек жүктелген. >>> Машинаны шамадан тыс жүктемеңіз.
- Жуу құралы дымқылданған. >>> Жуу құралдарын жабық тарада құрғақ салқын жерде сақтаңыз.
- Жуу температурасы тым жоғары. >>> Кір жуу бағдарламасын және температурасын киімнің түрі мен ластану деңгейіне сәйкес таңдаңыз.
- Машина киім-кешекті нашар шаяды.
- Шаю сапасы қолданылған ұнтақтың мөлшеріне, маркасына және сақталу жағдайына байланысты.
- >>> Осы киім-кешек түріне арналған кір жуғыш машиналардың жуу құралдарын пайдаланыңыз. Жуу құралдарын жабық тарада құрғақ салқын жерде сақтаңыз.
- Жуу құралы таратқыштың тиісті бөлімшесіне жүктелмеген. >>> Егер жібіту пайдаланылмаса да, жуу құралын жібіту бөліміне жүктесе, машина бұл құралды шаю немесе кондиционерді қолдану кезінде алып кетуі мүмкін. Жуу құралын тиісті таратқыш бөлімшесіне салыңыз.
- Сорғының сүзгісі қоқыстанған. >>> Сүзгіні тексеріңіз.
- Су ағызу шлангасы қысылып қалған. >>> Ағызу шланғысын тексеріңіз.
- Жуғаннан кейін киім-кешек қатты болып қалды. (**)
- Жуу құралының мөлшері жеткіліксіз. >>> Кермек суда кір жуғанда жуу құралының мөлшері жеткіліксіз болғанда, киім-кешек уақыт өте келе қатты бола бастайды. Судың кермектілігі деңгейіне сәйкес жуу құралының қажетті мөлшерін пайдаланыңыз.
- Жуу құралы таратқыштың тиісті бөлімшесіне жүктелмеген. >>> Егер жібіту пайдаланылмаса да, жуу құралын жібіту бөліміне жүктесе, машина бұл құралды шаю немесе кондиционерді қолдану кезінде алып кетуі мүмкін. Жуу құралын тиісті таратқыш бөлімшесіне салыңыз.
- Жуу құралы кондиционермен араласуы мүмкін. >>> Кондиционерді жуу құралымен араластырмаңыз. Таратқышты ыстық сумен жуып, тазалаңыз.
- Киім-кешекте кондиционердің иісі жоқ. (**)
- Жуу құралы таратқыштың тиісті бөлімшесіне жүктелмеген. >>> Егер жібіту пайдаланылмаса да, жуу құралын жібіту бөліміне жүктесе, машина бұл құралды шаю немесе кондиционерді қолдану кезінде алып кетуі мүмкін. Таратқышты ыстық сумен жуып, тазалаңыз. Жуу құралын тиісті таратқыш бөлімшесіне салыңыз.
- Жуу құралы кондиционермен араласуы мүмкін. >>> Кондиционерді жуу құралымен араластырмаңыз. Таратқышты ыстық сумен жуып, тазалаңыз.

Ақаулықтарды жою

Жуу құралдары таратқышында жуу құралдарының қалдықтары. (**)

- Жуу құралы ылғалды таратқышқа жүктелген. >>> Жуу құралын жүктер алдында таратқышты құрғатып сүртіңіз.
- Жуу құралы дымқылданған. >>> Жуу құралдарын жабық тарада құрғақ салқын жерде сақтаңыз.
- Су қысымы өлсіз. >>> Судың қысымын тексеріңіз.
- Жібіту үшін су алынған кезде, негізгі кір жуу бөлімшесіндегі жуу құралы суланған. Жуу құралдарын тарату бөліміндегі тесіктер бітеліп қалды. >>> Қажет болса, осы тесіктерді тазалаңыз.
- Жуу құралдарын тарату клапандарымен Проблема. >>> Фирмалық сервис орталығына жүгініңіз.
- Жуу құралы кондиционермен араласуы мүмкін. >>> Кондиционерді жуу құралымен араластырмаңыз. Таратқышты ыстық сумен жуып, тазалаңыз.
- Барабан ұзақ уақыт тазартылмаған. >>> Барабанды мезгілімен тазартып отырыңыз. Тазарту бойынша нұсқаулықты 6.2. қара.

Кір жуудан кейін жуу құралы қалып қойды. (**)

- Тым көп киім-кешек жүктелген. >>> Машинаны шамадан тыс жүктемеңіз.
- Бағдарлама мен температура дұрыс таңдалмаған. >>> Киім-кешектің түріне сәйкес жуу бағдарламасы мен температурасын таңдаңыз.
- Жарамайтын жуу құралы. >>> Киім-кешектің түріне сәйкес жуу құралын таңдаңыз.

Жоғары көбіктүзілім. (**)

- Жуу құралы кір жуғыш машина-автоматтарда пайдалануға жарамсыз. >>> Кір жуғыш машиналарға арналған жуу құралдарын пайдаланыңыз.
- Жуу құралы тым көп. >>> Жуу құралының қажетті мөлшерін ғана пайдаланыңыз.
- Жуу құралы келіспейтін жағдайда сақталған. >>> Жуу құралдарын абық және құрғақ жерде сақтаңыз. Оларды температурасы жоғары жерлерде сақтамаңыз.
- Құрылымы ұяшықты кейбір маталарды жуғанда, мысалы, тюль перделері мол көбік түзеді. >>> Мұндай түрдегі киім-кешектерге жуу құралының аз мөлшерін пайдаланыңыз.
- Жуу құралы таратқыштың тиісті бөлімшесіне жүктелмеген. >>> Жуу құралын таратқыштың тиісті бөлімшесіне салыңыз.
- Кондиционер уақытынан бұрын қолданылады. >>> Жуу құралдарын тарату клапандарымен қиындықтар туындауы мүмкін. Фирмалық сервис орталығына жүгініңіз.

Жуу құралын таратқышынан көбік шығып жатыр.

- Жуу құралы тым көп. >>> 1 ас қасық кондиционерді 0,5 литр суға араластырыңыз және жуу құралын таратқыштың негізгі кір жуу бөліміне құйыңыз.
- Киім кешекті жүктеу нормаларын ескере отырып, жуу бағдарламаларына сәйкес жуу құралдарын пайдаланыңыз («Энергияны тұтыну және бағдарламаларды таңдау кестесі» қара.). Дақ кетіргіш, ағартқыштар және т.б. осы сияқты қосымша құралдарды пайдаланған кезде жуу құралының мөлшерін азайту керек.

Бағдарлама аяқталғаннан кейін киім-кешек дымқыл күйінде қалады. (*)

- Мүмкін, жуу құралының артық мөлшеріне байланысты көп көбік пайда болды да көбік түзілімін бақылаудың автоматты жүйесі іске қосылды. >>> Ұсынылған жуу құралын пайдаланыңыз.

* Егер барабандағы киім-кешек біркелкі бөлінбеген болса, машинаның өзі мен қоршаған заттардың зақымдануын болдырмау үшін машина сығуға ауыстырылмайды. Киім-кешекті біркелкі етіп бөліп, сығуды қайта қосу керек.

** Барабанды мезгілімен тазалау жүргізілмеуі мүмкін. >>> Барабанды мезгілімен тазалап отырыңыз. 6.2 қар.



ЕСКЕРТУ. Егер осы ұсыныстар арқылы қиындықтарды шешу мүмкін болмаса, фирмалық сервис орталығына жүгініңіз. Ақаулы бұйымды өздігінен жөндеуге тырыспаңыз.

Құрметті сатып алушы!

«Веко» сауда маркасының бұйымын таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз.

Осы кепілдік талаптары, егер басқа шарттар қолданыстағы заңнамамен белгіленбесе, Ресей аумағында жарамды.

1. Дайындаушы бұйымға Тұтынушыға берілген күннен бастап 2(екі) жыл кепілдік мерзімін белгілейді. «Веко» тұрмыстық техникасының қызмет ету мерзімі оны тұрмыстық мақсатта қолдану ережелерін сақтаған жағдайда 10(он) жылды құрайды.

2. Кепілдік тек жеке, отбасылық, үй қажеттіліктері, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес мұқтаждықтар үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана қолданылады.

3. Кепілдік құжатты, сатылған бұйымның чегін және оны орнату (жеткізу), су және электр пәтершілік коммуникацияларды пысықтау жөніндегі қызметтер түбіртегін, сондай-ақ бұйымға кепілдік немесе техникалық қызмет көрсетуге қатысты кез келген басқа да құжаттарды сақтап қойыңыз.

4. Кепілдік мерзімі ішінде ауыстырылған қосалқы бөлшектердің кепілдік мерзімі 6(алты) айды құрайды.

5. Бұйымның сапасы бойынша кез келген шағымдар «Веко» сервис орталығының өкілі өнімнің сапасын алдын ала тексергеннен кейін ғана қаралады.

6. Дайындаушы осы кепілдік құжатында және пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген Дайындаушының талаптарын сақтамаған жағдайда тұтынушыға келтірілген кез келген ықтимал залал үшін қандай да бір жауаптылықта болмайды.

7. «Веко» сервис орталығының маманын шақырмас бұрын, бұйымды пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Егер ақаулықты өздігіңізден жою мүмкін болмаса, біздің сервистік қызметімізге 8-800-200-23-56 телефоны бойынша (қоңырау шалу Ресейдің барлық аумағында тегін) ыстық линияға хабарласыңыз. Біздің мамандар қажеттілігі жоқ жағдайда техникалық маманды шақыруды болдырмау үшін, тиісті шешім табуға тырысады. - Сервис қызметінің маманын шақырғанда міндетті түрде бұйым моделінің нөмірін және бұйымның зауыттық сериялық нөмірін көрсетіңіз. Бұл деректерді жүктеу логіндегі заттаңбадан табуға болады:

Өндіріс күні өнімде орналасқан заттаңбада көрсетілген өнімнің сериялық нөміріне енгізілген, атап айтқанда: сериялық нөмірдің алғашқы екі саны өндіріс жылын, ал соңғы екеуі айды білдіреді. Мысалы, «20-100001-02» өнім 2020 жылдың ақпан айында өндірілгенін білдіреді.

Өндірушінің құзыреттілігіне сеніңіз. Бұл бірегей қосалқы бөлшектерді пайдалана отырып, жабдықтарды пайдалану, қызмет көрсету, жөндеу және орнату жөніндегі мамандардың білікті жөндеу жұмысын жүргізуіне кепілдік береді.



Продукция сертифицирована. Информация о сертификации по тел.:
8-800-200-23-56 (звонок бесплатный на территории России). Произведено
ООО «БЕКО» 601021, Россия, Владимирская обл., Киржачский р-н,
муниципальное образование сельское поселение Першинское, деревня
Федоровское, ул. Сельская, д. 49.

Специальные условия реализации не установлены.

Продукт изготовлен по ТУ 27.51.13-001-58880098-2017 в соответствии с ТР ТС 004 «О безопасности низковольтного оборудования», ТР ТС 020 «Электромагнитная совместимость технических средств», ТР ЕАЭС 037 «Об ограничении применения опасных веществ в изделиях электротехники и радиоэлектроники».

Система менеджмента качества, экологии и энергетики соответствует требованиям стандартов ISO 9001, ISO 14001, ISO 50001.

Действует только на территории РФ / Valid for Russian Federation only

beko

ГАРАНТИЯ 2 ГОДА

Адрес: 109004, Россия, Москва, ул. Станиславского д.21, стр.1

<http://www.beko.ru>

Телефон горячей линии 8-800-200-23-56 (Звонок бесплатный на всей территории России)

Гарантийный талон серия RUS №

Модель Серийный номер

Дата продажи

Компания

Подпись продавца

ПЕЧАТЬ

Дата установки

Компания

Подпись мастера

ПЕЧАТЬ

Покупатель Телефон

Фамилия, Имя, Отчество

Изделие получено в полной комплектации,
проверялось в присутствии покупателя.

Покупатель с условиями гарантии ознакомлен

Подпись Покупателя



Отрывные купоны гарантийного талона являются средством отчетности о выполнении сервисным центром гарантийных работ. Купон изымается из гарантийного талона после удовлетворения Ваших претензий.

beko

серия RUS №

Дата продажи

ПЕЧАТЬ
МАГАЗИНА

3

ГАРАНТИЯ
2 ГОДА

beko

серия RUS №

Дата продажи

ПЕЧАТЬ
МАГАЗИНА

2

ГАРАНТИЯ
2 ГОДА

beko

серия RUS №

Дата продажи

ПЕЧАТЬ
МАГАЗИНА

1

ГАРАНТИЯ
2 ГОДА